

Биологиялық саналуандықты сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1035 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 150 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Биологиялық саналуандықты сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 31 қазандағы
N 1035 қаулысымен
бекітілген

Биологиялық саналуандықты сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.27. N 587 Қаулысымен.

Халықаралық ұйымдар

1. Азия Даму Банкі (АДБ/ADB)
2. Дүниежүзілік туристік ұйым
3. Дүниежүзілік Тағы Табиғат Қоры (WWF)
4. Ғаламдық экологиялық қор (ҒЭҚ/GEF)

5. Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (ЕКДБ/EBRD)
6. Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (ХҚДБ/IBRD)
7. Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры (IFAD)
8. Мәдениет және білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЮНЕСКО/UNESCO)
9. Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығы (БҰҰ/UN)
10. БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылығы жөніндегі ұйымы (ФАО/FAO)
11. БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (БҰҰДБ/UNDP)
12. БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП/UNEP)
13. ТМД елдеріне арналған Еуропа Одағының Техникалық көмек бағдарламасы ТАСИС бағдарламасы (TACIS)

Мемлекеттік ұйымдар

1. Америкн халықаралық даму жөніндегі агенттігі (ЮСАИД/USAID)
2. "British Council" Британ кеңесі (БК/BC)
3. Герман техникалық ынтымақтастық жөніндегі қоғамы (GTZ)
4. Дат халықаралық даму жөніндегі агенттігі (DANIDA)
5. Ұлыбритания халықаралық даму жөніндегі департаменті (DFID)

Үкіметтік емес ұйымдар мен қорлар

- "Seimar Social Fund" корпоративтік қоры
- "Қазақстанның биологиялық саналуандығын сақтау қоры" корпоративтік қоры